



2019 жылғы 12 маусым
№ 17-8/983 зп

Астана, Үкімет Үйі

от «___» _____ 201__ года
№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі

2019 жылғы 19 сәуірдегі
№ 10-5-446 хатқа

Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашылық жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының түзетулеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі өзі бастамашылық жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының түзетулерін қарап, келесіні хабарлайды.

Заң жобасына депутаттар ұсынған түзетулер Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне қайшы келмейді.

Көрсетілген түзетулер мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды немесе республикалық және жергілікті бюджеттерден мемлекеттік кірістерді қысқартуды көздемейді.


Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
2018 жылғы 19 сәуірдегі № 10-5-446 хатымен ұсынылған Заң жобасына
салыстырмалы кесте бойынша

Салыстырмалы кестенің 1 және 6-позициялары бойынша

Ұсынылған түзетулер кен орындарының, оның ішінде кең таралған пайдалы қазбалар (бұдан әрі – КТПК) кен орындарының табиғи ерекшеліктерін

Бланк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕККЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілген керек. Бланк без сериального номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0014255 *



0014255 *
ИПЦ Зак. № 310. 23.06.2014 г.

ескере отырып, жер қойнауы учаскесінің нысанына қойылатын реттеушілік талаптарды жеңілдетуге бағытталған. Түзету пайдалы қатты қазбаларды (бұдан әрі – ПҚҚ) барлау мен өндіруге арналған жер қойнауы учаскесінің нысаны бойынша талаптарға, жер қойнауын пайдалану құқығын келісімшарттан лицензиялық режимге қайта ресімдеу кезінде жер қойнауын геологиялық зерттеуге қатысты реттеуші кедергілерді де алып тастайды. Осыған байланысты түзетулер **қолдау табады**.

Салыстырмалы кестенің 2-позициясы бойынша

Түзету өңірлік ауқымдарда (өңірлік жұмыстар) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді жүргізу аумақтары шегінде пайдалы қазбаларға барлау және өндіру жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру мүмкіндігін кеңейтеді. Пайдалы қазбаларды іздеу және бағалау жүзеге асырылатын жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу аумағының шегінде пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруді шектеу сақталады. Осыған байланысты осы түзету **қолдау табады**.

Сонымен қатар, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес келтіру мақсатында 74-баптың 6-тармағының екінші бөлігін мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«Жер қойнауы учаскелерінде пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін, сондай-ақ жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жүргізу кезінде пайдалы қазбаларды іздеу мен бағалау аумағы шегінде кен іздеушілік үшін пайдалануға беруге жол берілмейді.».

Салыстырмалы кестенің 3, 4 және 5-позициялары бойынша

Толық емес блоктарға қатысты КТПҚ қоса алғанда, ПҚҚ барлау үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру мүмкіндігін нақтылау және кеңейтуді көздейтін түзетулер **қолдау табады**, өйткені мұндай мүмкіндіктерді нақтылау және кеңейту толық емес блоктарды ПҚҚ барлауға арналған лицензияға қосуға неғұрлым икемді тәсілді белгілеу үшін қажет. Сонымен қатар, белгісіз түсіндіруді болдырмау мақсатында 186-баптың 3-тармағын мынадай редакцияда нақтылау ұсынылады:

«3. Барлауға арналған лицензия толық блоктардан басқа мынадай толық емес (ішінара) блоктарға қатысты да берілуі мүмкін:

1) осы баптың 2-тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген аумақтарды (аумақты) толық қамтитын блок;

2) осы баптың 2-тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген (көрсеткен) аумақтарда (аумақта) ішінара орналасқан блок, мұндай блоктың басқа толық емес (ішінара) немесе толық блогы бар кемінде бір жалпы жағы бар және мұндай жалпы жағы көрсетілген аумақтарда орналаспаған жағдайда;

3) осы Кодекстің 25-бабының 1-тармағында көрсетілген аумақтарға ішінара жататын блок;

Бұл жағдайда барлау учаскесінің аумағы осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген аумақтардың шекаралары бойынша толық емес (ішінара) блоктардан құралған болып есептеледі. Барлауға арналған лицензияға енгізілген толық емес (ішінара) блокты қалыптастыру үшін негіз болған мән-жайлар тоқтатылған кезде осы блок барлау учаскесі аумағының шекараларын айқындау мақсатында толық деп танылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген қағида осы Кодекстің 25-бабының 1-тармағында көрсетілген аумақтарға ішінара жататын және барлау учаскесінің аумағына енгізілген блоктарға қолданылмайды. Мұндай блоктар шегінде осы блоктар осы Кодекстің 25-бабының 1-тармағында көзделген аумақтар мен объектілерді қозғайтын бөлігінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салу қолданылады.».

Салыстырмалы кестенің 7-позициясы бойынша

Көрсетілген ұстаным шеңберінде тау-кен өндіру секторында жер қойнауын пайдалану реформасы жүргізілген батыс австралиялық моделіне сәйкес ПҚК өндіру жөніндегі операцияларға арналған жер қойнауын пайдаланушының жыл сайынғы ең төменгі шығыстары мөлшерлемелерінің мөлшерін толық теңестіру ұсынылады.

Түзету қолдау табады, себебі ұсынылған мөлшерлемелердің мөлшері ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді және басқа юрисдикциялармен салыстырғанда осы мәселеде қазақстандық заңнаманың бәсекелестік артықшылықтарын арттырады.

Салыстырмалы кестенің 8 және 9-позициялары бойынша

Түзетулерде жергілікті атқарушы органдардың автомобиль жолдарын, темір жолдар мен гидрокұрылыстарды салу, реконструкциялау және жөндеу үшін пайдаланылатын КТПК барлау немесе өндіруге арналған құқық берудің уақытша оңайлатылған тәртібін енгізу, сондай-ақ «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) қолданылу кезеңіне КТПК өндірудің салдарын жоюды жоспарлау рәсімін оңайлату көзделеді.

Сонымен қатар, салыстырмалы кестенің 8-позициясындағы түзету бағдарламаны іске асыруға және экологиялық және реттеуші тәуекелдерді болдырмауға ғана бағытталғанын назарға ала отырып, осы түзету мынадай редакцияда **ішінара қолдау табады**:

«Өтініш берушінің жазбаша өтініші бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, темір жолдар мен гидрокұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде пайдаланылатын кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған құқық 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның және

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша берілетін жергілікті атқарушы органның жазбаша рұқсатын беру жолмен пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен беріледі деп белгіленсін. Осындай рұқсаттың қолданылу мерзімі іске асыру үшін жер қойнауын пайдалану құқығы берілген мемлекет меншігіндегі жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын, темір жолдарды және гидроқұрылыстарды салуға (реконструкциялауға) және жөндеуге арналған тиісті шарттың қолданылу мерзімінен аспауға тиіс. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген объектілерді салуға тапсырыс беруші болып табылатын мемлекеттік орган құрылыс (реконструкциялау) мақсаттары үшін кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыруға құқылы, осындай объектілерді салу жөніндегі мердігерлердің (қосалқы мердігерлердің) тізбесін бекітеді. Осы тармаққа сәйкес берілген рұқсат негізінде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың оларды үшінші тұлғаларға иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіруге арналған рұқсат құрылысқа тапсырыс беруші тиісті мемлекеттік орган болып табылатын, реконструкцияланатын немесе жобаланған жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарынан, темір жолдардан және гидроқұрылыстардан он километрден аспайтын қашықтықта орналасқан аумақтар шегінде беріледі. Бұл ретте мұндай рұқсат осы Кодекстің 70-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілмеген аумақта беріледі.

Осы тармақтың негізінде берілген кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған рұқсаттың болуы осы Кодекске сәйкес басқа тұлғаларға жер қойнауын пайдалану құқығын беруге кедергі келтірмейді. Бұл жағдайда бірнеше жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуі осы Кодекстің 24-бабымен реттеледі.

Рұқсат басқа жер қойнауын пайдаланушылар алып жатқан аумақта олардың алдын ала жазбаша келісімімен және осы Кодекстің 24-бабының 2-тармағында көзделген келісім жасалған жағдайда берілуі мүмкін.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған рұқсат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес реттелетін рұқсаттарға жатпайды.».

Бұдан басқа, салыстырмалы кестенің 9-позициясы бойынша жою (жоюды жоспарлау) жоспарын жасау орынсыздығының пайдалы қатты қазбалар бойынша бұрын жасалған келісімшарттарға да қолданылуына байланысты «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 278-бабы 19-тармағының екінші бөлігін «өндіруге арналған келісімшарт» деген сөздерден кейін «уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды немесе өндіруге арналған келісімшарт» деген сөздермен толықтыру ұсынылады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қорытындысын ескере отырып, Заң жобасын Қазақстан Республикасының Парламентінде одан әрі қарауға болады деп санаймыз.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

 **А. Мамин**



201_ ЖЫЛҒЫ _____

Астана, Үкімет Үйі

от « 12 » июня 2019 года

№ _____

№ 17-8/983 зп

Мажилис Парламента
Республики Казахстан

На № 10-5-446
от 19 апреля 2019 года

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

**Правительства Республики Казахстан
на поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан
по проекту Закона Республики Казахстан
«О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты
Республики Казахстан по вопросам жилищно-коммунального хозяйства»,
инициированному Правительством Республики Казахстан**

Правительство Республики Казахстан, рассмотрев поправки депутатов Мажилиса Парламента по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам жилищно-коммунального хозяйства», инициированному Правительством Республики Казахстан, сообщает следующее.

Предлагаемые депутатами поправки к проекту Закона не противоречат положениям Конституции Республики Казахстан и действующим законодательным актам Республики Казахстан.

Указанные поправки не предполагают увеличения государственных расходов или сокращения государственных доходов из республиканского и местных бюджетов.


**по сравнительной таблице
к проекту Закона, представленной письмом Мажилиса Парламента
Республики Казахстан от 19 апреля 2019 года № 10-5-446**

По позициям 1 и 6 сравнительной таблицы

Предложенные поправки направлены на упрощение регуляторных требований к форме участка недр, с учетом природных особенностей месторождений, в том числе общераспространенных полезных ископаемых

Бланк серийлык нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілугі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0014254*



0014254 *
ИПЦ Зак. № 310. 23.06.2014 г.

(далее - ОПИ). Поправка также снимет регуляторный барьер, касающийся требований по форме участка недр на разведку и добычу твердых полезных ископаемых (далее - ТПИ), геологического изучения недр при переоформлении права недропользования с контрактного на лицензионный режим. В связи с этим поправки **поддерживаются**.

По позиции 2 сравнительной таблицы

Поправка расширяет возможности предоставления права недропользования для проведения разведки и добычи полезных ископаемых в пределах территорий проведения государственного геологического изучения недр в региональных масштабах (региональные работы). Ограничение разведки и добычи полезных ископаемых в пределах территории государственного геологического изучения недр, на которых осуществляется поиск и оценка полезных ископаемых, сохраняется. В этой связи данная поправка **поддерживается**.

Вместе с тем, в целях приведения в соответствии с Кодексом Республики Казахстан от 27 декабря 2017 года «О недрах и недропользовании» часть вторую пункта 6 статьи 74 предлагается изложить в следующей редакции:

«Предоставление участков недр в пользование для проведения операций по разведке и добыче полезных ископаемых, а также для старательства в пределах территории поиска и оценки полезных ископаемых при проведении государственного геологического изучения недр, не допускается.»

По позициям 3, 4 и 5 сравнительной таблицы

Поправки, предусматривающие уточнение и расширение возможности предоставления права недропользования для разведки ТПИ, включая ОПИ, в отношении неполного блока, **поддерживаются**, поскольку такое уточнение и расширение возможностей необходимо для установления более гибкого подхода к включению неполных блоков в лицензию на разведку ТПИ. Вместе с тем, в целях исключения неопределенного толкования предлагается детализация в пункт 3 статьи 186 в следующей редакции:

«3. Лицензия на разведку помимо полных блоков может также быть выдана в отношении следующих неполных (частичных) блоков:

1) блока, стороны которого полностью охватывают территории (территорию), указанные в подпунктах 2), 3), 5) и 6) пункта 2 настоящей статьи;

2) блока, который частично расположен на территориях (территории), указанных (указанной) в подпунктах 2), 3), 5) и 6) пункта 2 настоящей статьи при условии, что такой блок имеют хотя бы одну общую сторону с другим неполным (частичным) или полным блоком и такая общая сторона не расположена на указанных территориях;

3) блока, который частично относится к территориям, указанным в пункте 1 статьи 25 настоящего Кодекса;

В этом случае территория участка разведки считается сформированной, в том числе из неполных (частичных) блоков по границам территорий, указанных в подпунктах 1), 2) и 3) части первой настоящего пункта. При прекращении обстоятельств, послуживших основанием для формирования неполного (частичного) блока, включенного в лицензию на разведку, данный блок признается полным в целях определения границ территории участка разведки.

Правило, предусмотренное в части второй настоящего пункта, не применяется к блокам, частично относящимся к территориям, указанным в пункте 1 статьи 25 настоящего Кодекса, и включенным в территорию участка разведки. В пределах таких блоков применяются запрет на проведение операций по недропользованию в той части, в которой данные блоки затрагивают территории и объекты, предусмотренные пунктом 1 статьи 25 настоящего Кодекса.».

По позиции 7 сравнительной таблицы

В рамках указанной позиции предлагается полностью уравнивать размер ставок ежегодных минимальных расходов недропользователя на операции по добыче ТПИ в соответствии с западноавстралийской моделью, по которой была проведена реформа недропользования в горнодобывающем секторе.

Поправка **поддерживается**, так как предложенный размер ставок соответствует наилучшему мировому опыту и увеличивает конкурентные преимущества казахстанского законодательства в данном вопросе в сравнении с другими юрисдикциями.

По позициям 8 и 9 сравнительной таблицы

Поправками предусматривается введение временного упрощенного порядка предоставления местными исполнительными органами права на разведку или добычу ОПИ, используемых для строительства, реконструкции и ремонта автомобильных дорог, железных дорог и гидросооружений, а также упрощение процедуры планирования ликвидации последствий добычи ОПИ на период действия Государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол» (далее - Программа).

Вместе с тем, принимая во внимание, что поправка в позиции 8 сравнительной таблицы направлена исключительно для реализации Программы, и во избежание экологических и регуляторных рисков, данная поправка **поддерживается частично** в следующей редакции:

«Установить, что по письменному обращению заявителя право на разведку или добычу общераспространенных полезных ископаемых, используемых при строительстве (реконструкции) и ремонте автомобильных дорог общего пользования, железных дорог и гидросооружений, до 1 января 2026 года предоставляется путем выдачи письменного разрешения местного исполнительного органа, выдаваемого по согласованию с территориальными подразделениями уполномоченного органа по изучению недр и

уполномоченного органа в области охраны окружающей среды в порядке, установленном уполномоченным органом в области твердых полезных ископаемых. Срок действия такого разрешения не может превышать срок действия соответствующего договора на строительство (реконструкцию) и ремонт автомобильных дорог общего пользования, железных дорог и гидросооружений, находящихся в государственной собственности, для реализации которого было предоставлено право недропользования. Государственный орган, являющийся заказчиком строительства объектов, указанных в части первой настоящей статьи, утверждает перечень подрядчиков (субподрядчиков) по строительству таких объектов, которые вправе осуществлять добычу общераспространенных полезных ископаемых для целей строительства (реконструкции). Недропользователи, осуществляющие добычу общераспространенных полезных ископаемых на основании разрешения, выданного в соответствии с настоящим пунктом, не вправе отчуждать их третьим лицам.

Разрешение на разведку или добычу общераспространенных полезных ископаемых выдается в пределах территорий, расположенных на расстоянии не более десяти километров от реконструируемых или спроектированных автомобильных дорог общего пользования, железных дорог и гидросооружений, заказчиком строительства которых является соответствующий государственный орган. При этом такое разрешение выдается на территории, не указанной в подпункте 2) пункта 3 статьи 70 настоящего Кодекса.

Наличие разрешения на разведку или добычу общераспространенных полезных ископаемых, выданного на основании настоящего пункта, не препятствует предоставлению права недропользования другим лицам в соответствии с настоящим Кодексом. В этом случае проведение операций по недропользованию несколькими недропользователями регулируется статьей 24 настоящего Кодекса.

Разрешение может быть выдано на территории, занятые другими недропользователями с их предварительного письменного согласия и при условии заключения соглашения, предусмотренного пунктом 2 статьи 24 настоящего Кодекса.

Разрешение на разведку или добычу общераспространенных полезных ископаемых не относится к разрешениям, регулируемым в соответствии с законодательством Республики Казахстан о разрешениях и уведомлениях.».

Кроме того, по позиции 9 сравнительной таблицы, поскольку нецелесообразность в составлении плана ликвидации (планирования ликвидации) также применима и к ранее заключенным контрактам по твердым полезным ископаемым, часть вторую пункта 19 статьи 278 Кодекса Республики Казахстан «О недрах и недропользовании» после слов «контракта на добычу» предлагается дополнить словами «твердых полезных ископаемых, за исключением урана, или контракта на добычу».

На основании вышеизложенного, полагаем возможным дальнейшее рассмотрение проекта Закона в Парламенте Республики Казахстан с учетом настоящего заключения Правительства Республики Казахстан.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**



А. Мамин